

Деятельность Букетова в области гуманитарных наук отражает характерную для советской интеллигенции 1960-1970-х годов тенденцию к междисциплинарности, стремление преодолеть узкую специализацию и рассматривать явления в их комплексности. Будучи естественником по образованию и основному роду деятельности, он тем не менее глубоко понимал значение гуманитарного знания для развития общества и прилагал значительные усилия для его продвижения.

Важно отметить, что работы Букетова по истории науки и культуры Казахстана не утратили своей актуальности и в настоящее время. В условиях независимого Казахстана, когда идет активный процесс переосмысления национальной истории, формирования исторической памяти, его подход, сочетающий научную объективность с уважением к историческому наследию, представляется весьма ценным. Его работы могут служить образцом взвешенного, непредвзятого анализа исторических явлений и личностей.

Таким образом, роль академика Е.А. Букетова в развитии исторической науки Казахстана была многогранной и значительной. Через свою литературно-критическую деятельность он внес вклад в изучение истории казахской интеллигенции и науки. Как организатор науки и образования он создавал институциональные условия для развития исторического образования и исследований. Как просветитель он способствовал формированию исторического сознания казахстанского общества. Его наследие заслуживает дальнейшего изучения и осмысления, особенно в контексте столетия со дня его рождения, которое отмечается в 2025 году.

Список использованной литературы

1. Мулдахметов З.М. Академик Евней Арстанович Букетов: грани таланта // Индустриальная Караганда. - 2025. - 20 марта. - URL: <https://inkaraganda.kz/novosti/kultura/akademik-evnej-arstanovich-buketov-grani-talanta/> (дата обращения: 18.11.2025).
2. Букетов Е.А. Святое дело Чокана. - Алма-Ата: Жазушы, 1984. - 128 с.
3. Букетов Е.А. Об академике Сатпаеве. - Алматы: Рауан, 1994. - 156 с.
4. Ауэзов М.М. История казахской литературы. - Алма-Ата: Наука, 1991. - 304 с.
5. История Карагандинского государственного университета имени академика Е.А. Букетова / Под ред. Н.О. Дулатбекова. - Караганда: Изд-во КарГУ, 2022. - 420 с.
6. Сатпаев К.И. Избранные труды. - Алма-Ата: Наука, 1967. - 568 с.
7. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том 1. - Алма-Ата: Главная редакция Казахской Советской Энциклопедии, 1984. - 432 с.

АТЛАХ ҚАЛАСЫ - ҰЛЫ ШАЙҚАС ПЕН ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛЫҚ ӨРКЕНИЕТТІң АЙРЫҚША СИМВОЛЫ

Абдурахман Ә.Қ.

Ғылыми жетекшісі: гуманитарлық ғылымдар магистрі Касымкулова П.Т.

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті

Perizat_enu@mail.ru

Тараз қ.

Андатпа. Мақалада Орта Азия тарихындағы Атлах қаласының тарихи, стратегиялық және әскери маңызы жан-жақты қарастырылады. VI-XII ғасырларда қалыптасқан бұл қала Талас өзені бойындағы әскери әрекеттер мен Ұлы Жібек жолы бойындағы сауда қатынастарына маңызды әсер еткен ірі орталық ретінде сипатталады. Атлах қаласының қорғаныс жүйесі, ірі бекіністері, көшелері, базарлары, мешіттері, бау-бақшалары және тұрғындарының әлеуметтік құрылымы мен мәдени өмірі зерттеледі. 751 жылғы Атлах шайқасы қаланың әскери және стратегиялық рөлін айқын көрсетті. Археологиялық және жазба деректерге сүйене отырып, мақалада арабтар мен Қытай әскерлерінің құрамдары, шайқастағы тактика мен қару-жарақ түрлері, сонымен қатар жеңістің Орта Азиядағы саяси, мәдени және экономикалық әсері жан-жақты қарастырылады. 2025 жылы Жамбыл облысы, Бесағаш ауылы маңынан табылған археологиялық материалдар (садақтар, семсерлер, жебелердің ұштары) Атлах шайқасының дәл осы жерде өткенін растайды. Бұл табылған деректер қаланың құрылымы мен әскери-социалдық ерекшеліктерін толық ашып, оның Ұлы Жібек жолы бойындағы стратегиялық, экономикалық және мәдени рөлін дәлелдейді. Мақала Атлах қаласының тарихи және әскери мәнін кешенді түрде көрсетіп, Орта Азия тарихындағы ұлы шайқастың нақты көрінісін ғылыми негізде ұсынады.

Кілт сөздер: Атлах қаласы, Атлах шайқасы, Орта Азия, Бесағаш, археологиялық зерттеу, 751 жыл, әскери стратегия, тарихи жазбалар, Талас өзені.

Орта Азияның ұлан-ғайыр кең даласы ғасырлар бойы тарихи оқиғалардың куәсі болып, әрбір табиғи нысанында өзіндік сырды сақтап келеді. Осы тарихи мұралардың ішінде Атлах қаласының алатын орны ерекше. Бұл қала тек саяси және экономикалық орталық қана емес, сонымен қатар Орта ғасырдағы әскери стратегия мен қалалық мәдениеттің тұтас жүйесін көрсететін тарихи символ болып саналады. Атлах қаласының орналасуы мен құрылымы оның стратегиялық маңызды пункт болғанын, сондай-ақ Орта Азиядағы билік пен сауда жолдарының түйіскен жерінде орналасқанын айқын дәлелдейді.

Атлах қаласы Орта Азиядағы ұлы шайқастардың куәсі болып, дәуірлер тоғысқан тарих сахнасында ерекше орын алады. 751 жылғы шайқас арабтар мен Қытай әскерлері арасындағы шешуші қақтығыс қаланың әскери рөлі мен стратегиялық мәнін одан әрі айқындайды. Бұл оқиға тек әскери қақтығыс қана емес, сонымен қатар Орта Азиядағы саяси билік теңгерімін өзгерткен, мәдени және экономикалық байланыстарды қайта құрып, жаңа дәуірге жол ашқан шешуші кезең болды.

Қазіргі таңда Атлах қаласын зерттеу өзекті мәселе болып отыр. Ғылыми ізденістер тек тарихи жазбаларды қайта қараумен шектелмей, археологиялық дәлелдерді жинап, қаланың нақты орнын, құрылымын, қорғаныс жүйесін және күнделікті өмірін анықтауға бағытталған.

Жазба деректерге сәйкес, Атлах қаласы VI-XII ғасырлар аралығында стратегиялық және экономикалық маңызды орталық ретінде қалыптасқан. Әсіресе, 751 жылы арабтар мен Қытай әскерлері арасындағы шайқас Атлах қаласының әскери және саяси рөлін анық көрсететін тарихи оқиға болып саналады. Ғалымдар бұл шайқасты кейде «Талас шайқасы» деп атайды.

Жалпы қаланың сипаттамасына келсек, араб тарихшылары қаланы ірі және биік қорған қабырғалары бар бекініс ретінде көрсетеді. Атақты араб тарихшысы Әл-Мәкдиси Атлахты «көшелері мен бау-бақшалары бар үлкен қала» деп атап, оның әлеуметтік және экономикалық құрылымының дамығанын көрсеткен.

Қытай деректері де Атлах қаласының стратегиялық маңызын растайды. Таң әулетінің қолбасшысы Гао Сяньчжи Талас маңында араб-қарлұқ коалициясына қарсы шыққанын жазған. Қытай жазбаларында «怛羅斯 (At-la-si)» деген транскрипция арқылы қала мен аймақ көрсетіліп, оның әскери бекініс ретіндегі рөліне назар аударылады. Бұл деректер Атлах қаласының Орта Азиядағы билік және сауда желілерінің тоғысуындағы маңызды нүкте болғанын дәлелдейді.

Әл-Мәкдисидің жазбаларында Атлах қаласының базары, мешіттері және қала сыртына тараған бау-бақшалары сипатталған, бұл қаланың экономикалық даму деңгейін және Орта Азиядағы сауда байланыстарының кеңдігін дәлелдейді. Сонымен қатар, қаланың әлеуметтік құрылымы мен мәдени ортасы туралы жазбалар оның Орта ғасырлық қалалық өмірдің толық көрінісін ұсынатынын көрсетеді [1, 9-12 б].

Дегенмен, Атлах қаласы жөніндегі жазба деректер толық емес, кейбір мәліметтер қысқа әрі жанама сипатта берілген. Археологиялық дәлелдер қаланың нақты орналасуы, құрылымы, қорғаныс жүйесі мен тарихи кезеңдерін жан-жақты көрсетуге мүмкіндік береді. Сол себепті қазіргі заманғы зерттеулер тарихи жазбаларды археологиялық табылған материалдармен толықтырып, Атлах қаласының Орта Азия тарихындағы рөлін айқындау міндетін атқаруда.

Осы тұрғыдан қарағанда, Атлах қаласы тек ұлы шайқастардың куәсі ғана емес, Орта Азияның саяси, экономикалық және мәдени дамуына ықпал еткен маңызды тарихи орталық ретінде ғылыми зерттеуді қажет ететін нысан болып табылады. Жазба деректер мен археологиялық іздер арасындағы үйлесімділік қаланың нақты тарихи бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік беріп, оны Орта ғасырлық қалалық мәдениет пен әскери стратегияның айқын үлгісіне айналдырады.

2025 жылдың қаңтарында Жамбыл облысында Атлах шайқасының ықтимал орны алғаш рет ғылыми дәлелдермен анықталды. Ежелгі жазба деректерге сәйкес, шайқас Тараз қаласының маңында өткенімен, бұған дейін археологиялық қазбалар жүргізілмеген. Қазіргі таңда жергілікті билік бұл тарихи нысанды мәдени-туристік орталыққа айналдыруды жоспарлап отыр. Бесағаш ауылы Тараздан шамамен 15 км қашықтықта орналасқан. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, аула маңындағы егістік жерлерді өңдеу кезінде ежелгі артефактілер үнемі табылып отырған. Соңғы төрт жылда археологтар мен тарихшылар бұл аймақты жан-жақты зерттеп, 751 жылы Талас өзені бойында арабтар мен Қытай әскерлері арасындағы ұлы Атлах шайқасы дәл осы жерде өткен деген қорытындыға келді. Шайқас тек бес күнге созылғанымен, оның нәтижелері Қазақстан мен әлем тарихы үшін шешуші рөл атқарды: арабтар жеңіске жетіп, қарлұқ тайпаларының қолдауымен Орта Азияда ислам мәдениетінің кең таралуына жол ашылды.

Атлах шайқасының уақыты мен тарихи мәні туралы жалпы ақпарат шығыс жазба деректерінде сақталған. Араб тіліндегі жазба деректерде Омейяд халифаты мен Аббасид халифатының Орталық Азияның батыс аймақтарына, оның ішінде Мавераннахрға жасаған экспансиясы туралы маңызды мәліметтер қамтылған. Көптеген деректер ат-Табари еңбегінде жинақталған.

Абу Джафар Мұхаммед ибн Джарир ат-Табари ортағасырлық көрнекті мұсылман тарихшысы. Ол қазіргі Иран аумағындағы Табаристан провинциясында туған. Ат-Табари өз еңбегінде «Тарих ар-Русуль ва-ль-Мулук» (Пайғамбарлар мен патшалардың тарихы) деп аталатын шығарма жазып, Адамның өмірінен бастап 915 жылға дейінгі оқиғаларды қамтиды. Бұл еңбекте VII-X ғасырлар аралығындағы Орталық Азиядағы бірқатар оқиғалардың нақты жылдары көрсетілген [2, 133-151б].

Ат-Табари еңбегіндегі Абу Муслим жорықтарына қатысты мәліметтер, ол Омейядтардан Аббасидтерге билік ауысу кезеңінде Хорасан мен Мавераннахрдағы әскерлерді басқарған, тарихи жағдайды түсінуге маңызды болып саналады. Алайда, оның еңбегінде немесе бізге жеткен бөліктерінде 751 жылғы Атлах шайқасы жөнінде ешқандай мәлімет жоқ.

Атлах шайқасының орны туралы алғаш мәлімет берген әл-Мутаххар әл-Мәкдиси. Ол 966 жылы Систанда араб тілінде «Китаб бад' ал-халк ва-т-тарих» (Жаратылыс пен тарих туралы кітап) атты еңбек жазған [1, 9-12 б].

Тағы бір маңызды мұсылман дерегі XIII ғасырдағы «аль-Камил фи-т-тарих» (Тарих бойынша толық кітап) еңбегі. Оның авторы әйгілі тарихшы Иzz ад-Дин Абу-л-Хасан Али ибн Мұхаммад әл-Жазири (1160-1233/34), көбінесе Ибн әл-Асир ретінде танымал. Ибн әл-Асирдің көптомдық еңбегінде Тянь-Шаньдағы түрік халықтарының саяси тарихы туралы мол мәліметтер жинақталған. Онда Орталық Азияның батыс бөлігіндегі араб жаулап алулары, 751 жылы Талас өзені маңында Атлах қаласы аймағында Қытайдың Таң әулеті әскерлері мен арабтар, түргештер және басқа халықтар арасындағы шайқас, сондай-ақ Саманидтер мен Қараханидтер әулеттерінің тарихына қатысты деректер қамтылған. Бұл тарихшының мұрасы араб-мұсылман тарихнамасының ең ірі жетістіктерінің бірі болып саналады [3, 52-76 б].

Қытай деректері жөнінде айтсақ, Атлах шайқасына және жалпы VIII ғасырдың ортасында Таң әулеті дәуірінде Орталық Азия мемлекеттерімен байланыстарға қатысты жазба ескерткіштердің ішінде бірнеше дерек ерекше құнды болып табылады.

Олардың ішінен «Таншу» немесе («Ескі Таң тарихы») атты ресми династиялық хрониканы алуға болады. Бұл көптомдық еңбек 941-945 жылдары Цзинь әулетінің соңғы императоры Гао-цзунның тапсырмасымен дайындалған. Жұмысты бас министр Лю Сюдің жетекшілігімен тарихшылар тобы орындаған. Еңбектің құрылуында бұрынғы көптеген деректер мен өмірбаяндар пайдаланылған, олардың көбісі кейін жоғалып кеткен [4, 193-199 б].

Сонымен қатар «Син Таншу» немесе жаңа Таң тарихы да деректік тұрғыдан маңызы зор. Бұл еңбек Сун әулеті дәуірінде белгілі мемлекет қайраткері, ойшыл, ақын және тарихшы Оуян Сю жетекшілігімен ғалымдар тобы тарапынан дайындалған. Шығарма 10 том және 225 бөлімнен тұрады, онда «Ескі Таң тарихында» жоқ бірқатар түпнұсқа мәліметтер берілген [4, 203-290 б].

Ендігі кезекте 751 жылғы шілде айында Талас өзені алқабында, Атлах аймағында болған ұлы шайқасқа қатысты жазба деректерден бірнеше үзінді келтірейік. Мұсылман авторларының бірі әл-Мутаххар әл-Мәкдисидің «Китаб бад' ал-халк ва-т-тарих» («Жаратылыс пен тарих туралы кітап») еңбегінде былай делінеді: «Абу Муслим, Хорасан мен Мавераннахрдағы Аббасидтерді қолдаған күштердің басында тұрған, Зияд ибн Салихті жорыққа жіберді. Ол Мавераннахр аймақтарын бағындырып, Тараз бен Атлахқа жетті. Қытай әскерлері дүрбелеңге түсті, олардың саны 100 мыңнан асты. Са'ид ибн Хумайд Тараз қаласында бекінді. Абу Муслим Самарқандағы ордасында болып, жергілікті билеушілерден көмек сұрап, Са'ид ибн Хумайдқа жасағын жіберді. Ол бірнеше рет қытайлармен шайқасты, 45 000 әскерін жойды, 25 000 тұтқынға алды, қалғандары қашты, мұсылмандар олардың әскери орналасқан аймағын басып алды» [5, с. 50-51]. Араб қолбасшысы Абу Муслим туралы айтатын болсақ ол алдыңғы арабтың Омейяд әулетін құлатып, Мавераннахрда араб билігінің нығаюына үлкен үлес қосқан қайраткер [6, 341-344 б].

Ибн әл-Асирдің «аль-Камил фи-т-та'рих» еңбегінде Атлах шайқасы былай сипатталған: «Сол жылы (133-хиджра жылы / 750-751 жж.) Ферғана ихшиді мен Шаш билеушісі арасында қақтығыс шықты. Ихшид Қытай императорының көмегін сұрап, 100 мың әскер жіберді. Олар Шаш билеушісін қоршауға алды, ол Қытай императорына бағынды. Бұл хабар Абу Муслимге жетті. Ол қарсы тұру үшін Зияд ибн Салихті жіберді. Олар Тараз өзені алқабында кездесіп, мұсылмандар жеңіске жетті: шамамен 50 000 адам өлтірілді, 20 000 тұтқынға алынды, қалғандары Қытайға қашты. Бұл зуль-хиджа айында 133-хиджра жылы, яғни 751 жылғы шілде айында болды» [7, 226]. Зияд ибн Салих әл-Хузаи танымал араб қолбасшысы. Ол Хорасандық қолбасшы Абу Муслимнің жасағында болған және Аббасид

халифатының негізін қолдаған. 747-748 жж. Абу Муслим оны «накиб» қызметіне тағайындаған [8, 110-145 б].

750 жылы Аббасидтердің жеңісінен кейін Зияд ибн Салих Бұқара мен Соғдының билеушісі етіп тағайындалып, Бұқарадағы әскери көтерілісті басуға қатысты. Кейінірек, Абу Муслимнің бұйрығымен, ол корейлік қолбасшы Гао Сянчжи басқарған мықты қытай әскерлеріне қарсы жіберілді. Шайқаста жеңіске жетсе де, келесі жылы ол Соғдыда Абу Муслимге қарсы сәтсіз көтеріліс жасап, қолға түсіп, өлім жазасына кесілді.

Таң әулеті дәуіріндегі қытай жылнамаларында Гао Сянчжидің өмірбаяны баяндалған. Онда Ферғана билеушісі Ши мемлекетінің (Ташкент) билеушісіне қарсы көмек сұрап, Гао Сянчжиді шақырғаны айтылады. Гао Сянчжи Ташкент билеушісін жазалап, оның ұлы арабтардан әскери көмек сұраған. 30 мыңдық қытай әскерін басқарған Гао Сянчжи арабтарға қарсы жорыққа шыққан. Әскер шамамен 700 ли (шамамен 220 км) жүріп, Тараз маңындағы шайқас орнына жеткен.

Бесінші күні қарсыласудың кезінде қарлұқтар қытайларға қарсы көтеріліс көтеріп, қытай әскерлері екі жақтан соққы алды. Қытайлар ауыр шығынға ұшырап, ақыры Бе-ши тауына қарай қашуға мәжбүр болды. Гао Сянчжи қашып бара жатқан әскерлер арасынан өз күзетшілерінің көмегімен жол тауып, кейін кері шегінген [9, 132 б].

Гао Сянчжидің тағдырына қысқаша тоқталсақ, 755 жылы Ан Лушан көтерілісі кезінде ол өз шешімсіздігі мен императорға бағынбаушылыққа кінәлі деп танылып, 756 жылы 24 қаңтарда өлім жазасына кесілді. Дегенмен, арабо-мұсылман және қытай деректері тәуелсіз түрде Атлах шайқасының 751 жылы болғанын растайды.

Осындай ұлы тарихи соғыстың куәсі болған Атлах қаласының орнына келетін болсақ бұған дейін Бесағаш ауласы маңынан VII ғасырға жататын садақтар, семсерлер және жебелердің ұштары табылған. Бұл археологиялық материалдар тарихи деректерді растап, Атлах шайқасы дәл осы аймақта өткен деген болжамдарды нақтылады. 2025 жылы Жамбыл облысының бюджетінен осы аумақты зерттеуге 25 млн теңге бөлініп, қазба жұмыстары шамамен 400 гектар жерді қамтиды. Егер зерттеу сәтті болса, бұл аймақ ашық аспан астындағы музейге айналуы мүмкін.

Атлах қаласы тек әскери және стратегиялық рөл атқарған ортағасырлық орталық қана емес, Орта Азиядағы урбанизация мен экономикалық байланыстардың маңызды түйіні ретінде де қарастырылуы тиіс. К. Байпақовтың зерттеуінде Тараз және Талас аңғары аймағындағы қалалық құрылымдар мен сауда жолдары жан-жақты қарастырылған [10, 212 б]. Зерттеулер барысында Байпақов Атлах қаласының орналасқан жері мен қорғаныс жүйесін, сондай-ақ аймақтық сауда және керуен жолдарының қаламен байланысын талдап, қаланың Ұлы Жібек жолындағы стратегиялық маңызын дәлелдеді. Бұл зерттеу Атлахты тек шайқас орны ретінде емес, экономикалық және сауда орталығы ретінде бағалауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, «Талас өңірінің ежелгі және орта ғасырлардағы урбанизациясы» атты мақалада Атлах аймағындағы қала-қоныстардың тарихи дамуы, қалалық құрылымдары және урбанизациялық үрдістер қарастырылған. Зерттеу қаланың әлеуметтік құрылымы мен экономикалық өмірінің күрделілігін көрсетеді, оның ішінде тұрғындардың күнделікті тұрмысы, мешіттері, базарлары және қолөнер орындарының маңыздылығы атап өтілген. Бұл деректер Атлах қаласының Орта Азиядағы мәдени және экономикалық жүйеге интеграцияланған орталық болғанын нақты дәлелдейді.

Атлах қаласы Ұлы Жібек жолы бойындағы ең маңызды сауда орталықтарының бірі болған. Оның стратегиялық орналасуы сауда жолдарының тоғысында, Талас өзенінің жағасында болғандықтан, қала тек әскери бекініс қана емес, экономикалық қатынастардың басты түйіні ретінде де дамыған. Жазба деректер қаланың ірі базарлары мен сауда алаңдарын сипаттайды: «Атлах үлкен қала, айналасында биік қабырғалары бар; қаланың айналасында бақтар мен виноградтар орналасқан». Бұл мәліметтер қаланың экономикалық маңыздылығын және Орта Азиядағы сауда байланыстарындағы жетекші рөлін растайды. Қалаға әртүрлі тауарлар бағалы металдар, дәмдеуіштер, кестелі маталар мен жергілікті өндіріс өнімдері жеткізіліп, саудагерлер мен қолөнершілерге кең мүмкіндіктер берілген.

Қалалық өмір мәдени және әлеуметтік тұрғыдан да бай болған. Әл-Мәкдисидің жазбалары мен араб тарихшыларының деректері бойынша Атлахта бірнеше мешіттер, қоғамдық орындар және білім беру мекемелері болған. Қаланың айналасында бақтар мен виноградтар орналасып, тұрғындардың күнделікті өмірінде табиғатпен үйлесімді мәдени кеңістік қалыптасқан. Қала тұрғындары әртүрлі әлеуметтік топтардан - саудагерлер, қолөнершілер, дін қызметкерлері және әскери қызметшілер бір орталықта өмір сүріп, қалалық мәдениет пен әлеуметтік қарым-қатынасты қалыптастырған.

Атлах қаласының ремесло және өнеркәсіп орындары да ерекше дамыған деп есептеледі. Сауда жолдары бойында орналасқандықтан, металл өңдеу, ағаш өңдеу, керамика және басқа қолөнер

шеберханалары болған деген болжам бар. Жазба деректерде арабтар тұтқынға алынған қытай әскерін және жергілікті шеберлерді қағаз жасауға, қару-жарақ өндірісіне және түрлі құралдарды жасауға тартқаны айтылады. Бұл Атлах қаласының тек әскери бекініс ретінде ғана емес, өндірістік және экономикалық орталық ретінде де маңызды рөл атқарғанын көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Волин С. Л. Сведения арабских источников IX-XVI веков о долине реки Талас и смежных районах // Труды Института истории, археологии и этнографии АН КазССР. - 1960. - Т. 8.
2. Табари. История Табари: Избранные отрывки / пер. с араб. В. И. Беляева; доп. к пер. О. Г. Большакова, А. Б. Халидова. - Ташкент: Фан, 1987. - 443 с.
3. Материалы по истории киргиз и Киргизстана. Вып. 1 / отв. ред. В. А. Ромодин. - М.: Наука, 1973. - С. 52-76.
4. Ханзу тарыхый жазмаларындағы кыргыздар / башкы түз. Мамбетакун уулу Мамбеттурду. - Үрүмчү: Шинжаң эл баш басмасы; Шинжаң эл басмасы, 2014.
5. Восточные источники об Алматы / сост. А. К. Муминов, А. Ш. Нурманова; предисл. М. Х. Абусейтовой; отв. ред. Б. Е. Кумеков. - Алматы: Дайк-Пресс, 2010.
6. Yūsofī Ğ. Ğ. Abu Moslem Korasani // Encyclopædia Iranica. - Т. 1, вып. 4.
7. Ибн ал-Асир. Ал-Камил фи-т-та'рих: Избранные отрывки / пер., примеч. и коммент. П. Г. Булгакова; доп. к пер., примеч. и коммент., введение и указатели Ш. С. Камалиддина; отв. ред. А. А. Мухаммаджонов. - Ташкент-Цюрих, 2007.
8. Bosworth C. E. Ziyād b. Šāliḥ al-Ḳhuzā'ī // Encyclopaedia of Islam. 2nd ed. - 2012. - Vol. 11: W-Z. - P. 522. - DOI: 10.1163/1573-3912_islam_SIM_8177.
9. Большаков О. Г. К истории Таласской битвы (751 г.) // Страны и народы Востока. - М.: Наука, 1980. - Вып. XXII. - С. 132.
10. Байпаков К. М., Ерзакович Л. Б. Древние города Казахстана. - Алма-Ата, 1971. - 212 с.

ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯСЫНДАҒЫ ДЕРЕКТЕРДІ ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ 3D-РЕКОНСТРУКЦИЯ ӘДІСТЕРІ

Талғатқызы Ж.

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.м., педагог-зерттеуші Кипшакбаев К.З.

«Болашақ» университеті

Электрондық адресі: bolashak_5@mail.ru

Қызылорда қ.

Түйіндеме. Бұл мақалада Қазақстан археологиясындағы заманауи ғылыми-әдістемелік үрдістердің бірі - археологиялық деректерді цифрландыру және 3D-реконструкциялау технологияларының маңызы қарастырылады. Зерттеу барысында археологиялық ескерткіштерді сандық форматқа көшіру, виртуалды модельдеу және кеңістіктік ақпараттық жүйелер (GIS) негізінде тарихи-мәдени мұраны визуализациялау әдістері талданады. Сонымен қатар, археологиялық нысандарды сақтау, зерттеу және таныстыру ісінде цифрлық технологиялардың тиімділігі мен ғылыми әлеуеті айқындалады. Мақалада Қазақстандағы археологиялық экспедицияларда қолданылып жүрген заманауи сканерлеу, фотограмметрия және 3D-модельдеу тәжірибелері нақты мысалдармен сипатталады. Зерттеу нәтижелері ұлттық мұраны сақтауда және археологиялық ақпаратты халықаралық ғылыми айналымға енгізуде цифрландырудың стратегиялық маңыздылығын көрсетеді.

Аннотация. В статье рассматриваются современные научно-методологические подходы к цифровизации археологических данных и применению технологий 3D-реконструкции в археологии Казахстана. Анализируются методы перевода археологических материалов в цифровой формат, виртуального моделирования и визуализации культурного наследия на основе геоинформационных систем (GIS). Особое внимание уделено практическому применению фотограмметрии, лазерного сканирования и трехмерного моделирования при фиксации и сохранении археологических памятников. Отмечается, что внедрение цифровых технологий способствует не только сохранению материального наследия, но и повышению его научной и образовательной ценности. Результаты исследования подчеркивают стратегическую роль цифровизации в интеграции казахстанской археологии в мировой научный процесс.